Педагогикалық кеңес отырысы №1 30.08 2024ж

Қатысқандар - 12
Қалыс қалғандар - 0

Күн тәртібінде

1) Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

2) 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы және алдағы оқу жылындағы міндеттер

3) 2024-2025 оқу жылындағы мектептің оқу-тәрбие жоспарын бекіту.

4) 2024-2025 оқу жылына арналған мектептің жұмыстық оқу жоспарын, мұғалімдердің апталық жүктемесін бекіту (вариативті сағаттардың бөлінуі)

5) Пән кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығы мен жабдықталуы.

6) Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың перспективалық жоспары мен аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін бекіту.

7) 2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

8) Сынып жетекшілерін, бірлестік жетекшілерін, тәлімгерді тағайындау.

9) Оқушылардың оқулықпен қамтылуы.

Тыңдалды: мектеп директорының м.а.:
Ш.М. Айтжанова

2023-2024 оқу жылында көптеген жұмыстар атқарылды. Мектебімізде ұстаз саны 16 болды. Олардың ішінде 11 мұғалім негізгі, 5 мұғалім қосымша. Негізгі мұғалімдердің - 5 жоғары білімді, 7 - арнаулы орта, осылардың ішіндегі 3 мұғалім жоғары білім оқып жатыр. Негізгі мұғалімдердің ішінде сарапшы-4
Оқу жылының басында 27 оқушы болды. санатсыз-7.
Даярлық -3, 1-4 сыныптар - 10 оқушы, 5-9 сыныптарда -17 оқушы. Барлығы - 27 оқушы болды.
7 оқушы - үздік, 6 оқушы - екпінді, 2 оқушы - шикнози.
Оқушылардың білім деңгейін анықтау жән бағы мектепішілік бақылауда болды. Мысалы, 9 сыныптардың МОДО-ға дайындықтарын бақылап, 4 сыныптардың білімделуі мектеп әкімшілігінің бақылауында болып, қорытындысы қаралып, талқыланды. 4, 9 сыныптардан тест алынып.

пәндер бойынша қорытындысы шығарылды.

Бастауыш сыныптар арасында өткен республикалық «Кенгуру» атты конкурсының жеңімпаздары:

2 сынып оқушысы Нұрхамит Гүлсая II-дәрежелі орын алды.
3 сынып оқушысы Мархабат Айару I-дәрежелі
4 сынып оқушысы Сейбек Рауан I-дәрежелі
4 сынып оқушысы Қабдеш Нұрайым I-дәрежелі орындарды иеленді.

Бастауыш сынып бойынша білім сапасы - 68%.
үлгерім сапасы - 100%

Жоғары сыныптарда білім сапасы - 77 %.
Жыл бойы жас мамандардың іскерлік дағдыларын қалыптастыруға тәлімгерлік көмек көрсету, жас мамандардың оқушылармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында « жас мұғалімдер » мектебі жұмыс істеді жас мұғалімдерге тәлімгерлер бекітілді.

Сөйледі: оқу ісінің меңгерушісі:
Ә. Б. Сарсенбаева

2024-2025 оқу жылында әдістемелік нұсқаулық хат негізінде пәндердің жоспарлары жасалып, бекітілді. Мектептің жылдық жұмыс жоспарлары, циклограмма, айлық, апталық жұмыс жоспарлары жасалды, ұстаздарға таныстырылып бекітілді. Мектепте 7 сынып-комплект бойынша сынып жетекшілер тағайындалды. Әдістемелік бірлестік жетекшілері де тағайындалды. Мектебімізге келген жас мамандарымызға тәлімгерлер де тағайындалды.

2024-2025 оқу жылын 12 негізгі мұғалім және 3 қосалқы мұғалімдермен бастап отырмыз.

Сөйледі:
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Сарсенбаева Ә. Б.

Мектепте 3 әдістемелік бірлестік жұмыс атқарады.
Олар:
1.) Жаратылыстану және математика бірлестігі
Н. Ш. Тусупбекова
2) Гуманитарлық бірлестік жетекшісі:
Г. К. Сулеймен.
3) Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі жетекшісі:
С. К. Сулейменова
Бірлестік жетекшілері жоспар бойынша жұмыстарын өз деңгейінде өткізіп отырады.

Аттестация.

Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі Сулейменова С. К. сарапшы біліктілік санатын растады. Сонымен қатар модератор санатына өткен мұғалімдер:

Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Боранбаева М.М.
Бастауыш сынып пән мұғалімі: Сатанова Г.Я.
Көркем еңбек мұғалімі: Бейсенбаева Ж.Ж.
Тарих пән мұғалімі: Омаров Д.Н.

Орыс тілі және әдебиет мұғалімі Сарсенбинова А.Б.

Қазақ тілі және әдебиет мұғалімі: Сүлеймен Ә.К.
сараптамадан модератор санатына түсіп отыр.

Сынып жетекшілерді тағайындау:

| | |
|---|---|
| 1 сынып жетекшісі: | Сенбек Жайнагүл Дұрғанқызы |
| 2-3 сынып жетекшісі: | Сатанова Гүлнар Яхияновна |
| 4 сынып жетекшісі: | Сүлейменова Сағыраш Кенжебековна |
| 5 сынып жетекшісі: | Сүлеймен Әлия Кенжебекқызы |
| 6 сынып жетекшісі: | Сүлеймен Әлия Кенжебекқызы |
| 7-8 сынып жетекшісі: | Боранбаева Маншүк Мұратбековна |
| 9 сынып жетекшісі: | Боранбаева Маншүк Мұратбековна |

Сөйледі: тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Боранбаева М.М.

1-9 сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарлары бекітілді. Біртұтас бағдарламасындағы өзгерістер отырыстарда айтылып, түсіндірілді. Сынып жетекшілер тоқсан аяғында өткізген жұмыстары бойынша есеп беретін болады.

Мектеп, ата-ана, мұғалім әрқашан бірлесе жұмылып тәрбие ісінде бірлесе қимылдағанда ғана біз тәрбие ісінде биік нәтижеге жете аламыз.

Оқушы тұлғасын дамыту, оның психологиялық ерекшеліктерін ескеріп отыру әрбір ұстаздың білім беру, тәрбие үрдісінде әрқашан басты назарда ұстауымыз керек.

## Педагогикалық кеңестің шешімі

1) Педагогикалық кеңес құрамы қайта бекітілсін.
2) 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
3) 2024-2025 оқу жылындағы мектептің оқу-тәрбие жоспары бекітілсін.
4) 2024-2025 оқу жылына арналған мектептің жұмыстық оқу жоспары, мұғалімдердің апталық жүктемелері бекітілсін.

5) Пән кабинеттері жаңа оқу жылына дайындығы мен жабдықталуы жақсы деп танылсын.

6) Педагог қызметкерді аттестаттаудың перспективалық жоспары мен аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімін бекітілсін.

7) 2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.

8) Сынып жетекшілер, бірлестік жетекшілер, тәлімгерлер тағайындалсын.

9) Оқушылар оқулықпен қамтылсын.

Мектеп директорының м.а Ш. М. Айтжанова

хатшы: С. К. Сулейменова

## Педагогикалық кеңес отырысы № 2

01. 11. 2024.

Қатысқандар: 12

Қалыс қалғандар: 0

### Күн тәртібінде:

1. Тамыз айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы барысы
2. Баяндама: «Жаңа технологиялар негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»
3. I тоқсан нәтижесі оқу-тәрбие бойынша және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы.
Тәрбие саласы бойынша I-тоқсан қорытындысы.
4. 1,5-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және қиындықтарын анықтау.
5. Мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың мектепке бейімделуі.
6. Педагог кадрларды аттестаттау барысы, біліктілік курстарынан өтудің даму жоспары туралы

7. Мектепішілік пән олимпиадасының қорытындысы.
8. Мектептің өзін-өзі бағалау туралы.

Тыңдалды: мектеп директорының м.а:

Ш.М. Айтжанова

Өткен педкеңесте қаралған мәселелер өз деңгейінде орындалды.
Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту - басты міндетіміз. Егемен еліміздің білім беру жүйесі мектептерді қазіргі жағдайда жаңа адамды қалыптастыру жағдайда жұмыс жүргізуде.
Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялар білім алушылардың қиялын кеңейтіп, шығармашылық тұрғыда ойлау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- Бағдарламалар және робототехника
- 3D-модельдеу және виртуалды шындық
- Мобильді қосымшалар мен онлайн ресурстар
- Геймификация элементтері.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері т.б.

Жаңа технологияларды қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Олар оқу үдерісін қызықты, интерактивті және нәтижелі етіп, оқушыларды өз идеяларын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер бұл технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыра алады.

Тыңдалды: Тәрбие ісінің меңгерушісі:

Боранбаева М.М.

2024-2025 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілер семинары ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды. „Ұялы ауылының негізгі орта мектебі" КММ-де 1 қыркүйек мерекесіне арналған іс-шаралар қарсаңында мектептерде, қоғамдық орындарда тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Қорғалжын АПБ ЖПҚБ полиция капитаны Генеберген Асылбек мырза ақпараттық әңгімелер жүргізді. Сонымен қатар, жолда жүру ережелерімен таныстырып, өмір

қауіпсіздігі туралы дәріс оқыды. 02.09.24. „Менің Отаным Қазақстан" 1-9 сыныбында сынып сағаттар өткізілді. Тақырыбы Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру. 5,6 сыныбында Тақырыбы: „Мен отбасыммен мақтанам". 8,9 сынып "Тақырыбы: Отбасы - бақыт мекені. 5 қыркүйек Тілдер мерекесіне арналған "Мәңгілік тіл-мәңгілік ел" Тілдер апталығының ашылу салтанаты өтті. Тілдер мерекесіне орай „Ұялы ауылының негізгі орта мектебінде „Адамзаттың Абайы" атты бастауыш сынып оқушыларға танымдық сағаты өткізілді. Бала қауіпсіздігі, суицид, буллинг, және кибербуллингтің алдын алу мақсатында „Қауіпсіз бала-қоғам келешегі" тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.
(Баяндама қоса тігілді.)

Тыңдалды: мектеп психологы: Сулейменова С.Х.

Бастауыш сыныптан орта мектепке өтуі-оқушылардың мектеп өміріндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, ал 5-сынып оқушысының бейімделуі - бала өміріндегі әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық жағынан да қиын әрі жауапкершілігі мол кезең.

5-сынып оқушыларының негізгі мектепке бейімделуінің алғышарттарының бірі - оқушының өзінің оқу қызметіне басшылық жасау, оқудың мәні мен мазмұнын түсіне біліп, мақсатты түрде оқуға өзін жұмылдырып, өз бетімен жұмыс істеуге дағдылануы қажет. Бұл кезде оқытудың аса маңызды мақсаттарының бірі - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерін өз бетінше жүргізу. Бесінші сынып оқушыларының бейімделуін анықтауға қыркүйектен-қазан айы аралығында кешені зерттеулер өткізілді. Білім алушылардан Н. Лускановтың «Оқу мотивациясын анықтау» тесті, пәнге деген көзқарасын анықтау үшін «Түймедақ, Баспалдақ» әдістемесі, Филлипс тесті және социометрия әдісі алынды.

Сөйледі: 5-6 сынып жетекшісі.
Сулеймен Ә.Х.

Менің сыныбым бойынша айтарым білімдері, тәртіптері әзірше жақсы. Бұл кезең-бастауыш сыныптан негізгі мектепке көшу кезеңі болғандықтан, оқушылардың мінез-құлқы мен оқу дағдыларында өзгерістер байқалады. Жаңа ортаға бейімделу барысында тәртіпке үйренеді, алайда кейде алаңғасарлық, эмоциялық тұрақсыздық болуы мүмкін. Тәртіп сақтау үшін сабақты қызықты және интерактивті өтуін қамтамасыз ету керек деп ойлаймын.

Тыңдалды: оқу-ісінің меңгерушісі:

Сарсенбекова А.Б.

Жаңаша оқыту әдісі бойынша балаларға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше оқушылардың өздерін еркін ұстауға, ойлануға мүмкіндік жасалады. Олар өз беттерімен және өзара әрекеттесе оқып-үйреніп, ортақ бір шешімге келуге бағытталады. Сондықтанда қазіргі (сипатта) таңдағы ұстаздың да, оқушының да іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек деп ойлаймын.

2024-2025 оқу жылын 23 оқушымен бастап отырмыз. Бастауыш сыныпта - 9 оқушы, жоғары сыныпта - 14 оқушы, даярлық топта - 3 тәрбиеленуші.
Негізгі мұғалімдер саны - 12
Қосалқы мұғалімдер - 3.
Мұғалімдер бойынша мәлімет:
жоғары білімді - 8, арнаулы орта - 7.
Зерттеуші - 1, сарапшы - 2, модератор - 6.
жас маман - 5.

Осы мұғалімдердің ішінен 1 мұғалім сарапшыны растады, 2 мұғалім сарапшыдан модераторға түсті. Қалған 4 мұғалім модераторға өтті. 3 мұғалім жоғары білім алып жатыр. Мектептегі кадр мәселесін шешу үшін ауылға жақын орналасқан тірек мектептерден 3 мұғалім алдық. Олар - химия, биология, информатика мұғалімі.
Сонымен қатар мектебімізді үздік аяқтаған 2 оқушымыз қазіргі таңда бізде ұстаз болып оралды. Мектебімізде пәндер апталығы, онкүндіктер, іс-тәжірбие алмасу үшін конференциялар, семинарлар жоспарланып отыр.
I-тоқсанда білім сапасы 68% болып тұр.
Тоқсан аяғында оқушылардан: оқу техникасы
Диктанттар
Бақылау жұмысы
алынып, қорытынды жасалынды. Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері бірлесе отырып, дөңгелек үстел өткізілді.

Тыңдалды: мектеп директорының м.а:

Айтжанова Ш.М.

„Ұялы ауылының негізгі орта мектебі" КММ 2025 жылы аттестатциядан өтуіне байланысты өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылды. (Бұйрықпен таныстырылды).
Бағалаудың мақсаты: өзін-өзі бағалаудың барлық қатысушылардың іс-әре

## Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тамыз айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалу барысы жақсы деп танылсын.

2. „Жаңа технологиялар негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту" бағдарламасы назарға алынып оқушыларды жеке тұлға ретінде дамуына жұмыстар жүргізілсін.

3. Оқу-тәрбие жұмыстарының I-тоқсан бойынша қорытынды есебі жақсы деп танылсын.

4. 1,5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және қиындықтарын анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар әрі қарай жалғасын тапсын.

5. Мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың мектепке бейімделуі өте жақсы деп танылып психолог тарапынан қадағалансын.

6. Педагог кадрларды аттестаттау барысы өте жақсы деп танылсын. Әрі қарай жұмыстар жүргізілсін.

7. Мектепішілік пән олимпиадасы қорытындысы негізінде үздік көрсеткіш көрсеткен оқушылар ауданның олимпиадаға жіберілсін.

8.

Мектеп директорының м.а: Ш.М. Айтжанова

Хатшы: Сулейменова С.К.

## Педагогикалық кеңес отырысы №3

05.01.2025

Қатысқандар: 12

Қалыс қалғандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Мектепке тәрбие үдерісін жан-жақты ұйымдастыру жолдары».
2. Қараша айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалу барысы.
3. 2-тоқсан қорытындысы, білім сапасы, тәрбие сапасы, бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары туралы;
4. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу барысы.
5. Білім алушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатындағы іс-шаралардың жүргізілуі
6. Мектеп психологының диагностикалық іс-әрекетінің мазмұны.
7. Қорытынды аттестаттау.
8 МОДО дайындық жұмыстарының жай-күйі.

Тыңдалды: мектеп директорының м.а.:

Айтжанова Ш.М.

Өткен пед кеңестің шешімі өз деңгейінде орындалды.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңі балаларымыз ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету - бүгінгі мектеп алдында қойып отырған басты міндет.

Жаңа ұрпақтың балалардың азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге бетенемілігі көп ретте сіздерге байланысты. Оларды зиянды әдеттерден, есірткіден сақтап бойларында салауатты өмір салтын орнықтыруға сіздердің күш-қуаттарыңыз жетеді. В.А. Сухомлинский әр баланың өзіндік жолмен дамиды, олардың өзінше ақылды да дарынды деген болатын. Сыныптан тыс жұмыс барысында балалардың танымдық қызығуы қанағаттандырылып қана қоймайды.

Қараша айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалу барысы Оқушылардың оқу шапшаңдығымен жұмыс жасалды, Мектепішілік білім сапасы тексерілді.

Тыңдалды: оқу ісінің меңгерушісі.

Сарсенбинова А. Б.

Өткен тоқсанның қорытындылары талданып, алдағы тоқсанға арналған міндеттер айқындалды. Оқушылардың кең ауқымдағы дағдыларын дамыту мақсатында жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу талқыланды. Мектепте пәндер апталығы, онкүндіктер жоспарлы түрде өтуде, мұғалімдер іс-тәжірбие алмасу үшін конференция, семинарлар өткізіледі. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында „8 минут оқу" жобасы енгізіліп, жоспарлы түрде жұмыс жасап жатыр. Сонымен қатар „5 күн - 5 іс-шара" жобасы да қарқынды жүріп жатыр.
І-жартыжылдықтың білім сапасын қорытындылай келе, І және ІІ тоқсандардың білім сапасы төмендегідей:
І-тоқсан - 68%
ІІ-тоқсан - 73%.

„Жаратылыстану - ғылымының құпиясы тұңғиық" атты жаратылыстану және математика апталығының әдістемелік бірлестігінің пәндерінің апталығы өтті.
„Квадрат түрлері. Квадрат теңдеулерін шешу" ашық сабақ. Өткізген математика пәні мұғалімі: Тусыпбекова Н. Ш.
„Смарт бала" сайыс сабақ. өткізген информатика пәні мұғалімі Тусыпбекова Р. М. „География ғылымының салалары" ашық сабақ география пәні мұғалімі Омаров Д. Н.
„Туа біткен және жүре пайда болған иммунитет" ашық сабақ биология пәні мұғалімі Сманова З. Б.
Сонымен қатар осы тоқсанда „Бастауыш сыныптарға жаратылыстану дүниетану пәндерінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру" семинар сабақтар өтті.
Өткізген бастауыш мұғалімдері:
Сулейменова С. К. Сенбек Ж. Д.

Аудандық олимпиададан орын алған оқушылар:

1. Мурат Нұртілеу 6 сынып - жаратылыстану 3 орын
2. Қуанышбек Айару 6 сынып - Қ. тарих 2 орын

3. Кибадина Дәмелі 8 сынып - қазақстан тарих 2 орын.
4. Мұрат Қажымұқан 8 сынып - қазақ тілі 3 орын.
5. Мұхамедия Ажар 8 сынып - Ағылшын 3 орын.

Сөйледі: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Сүлеймен Г.К.

Мен өз сыныбым 5 сыныпқа қазақ тілі мен әдебиетінен әр жаңа тақырып сайын тест, әртүрлі тапсырмалар алып тұрамын және білім all сайтымен сабақтар жүргізіп, тапсырмаларын орындаттым. Оқушыларға білім all сайтымен жұмыс істеген өте ұнайды. Жарты жылдың бойынша білім 5 сыныптың білім сапасы 100%. Тоқсан сайын оқу техникасы, бақылау жұмыстары, диктанттар алынып отырады.

Сөйледі: мектеп тәлімгері: Сатанова Г.Я.

2024-2025 оқу жылынан бастап «Күнделік» электронды журналын жүргізіп отырамын. Әр күні кешкісін тексеріп, қорытындысын шығарып, тексеремін. Тоқсан соңында барлық бағалардың қойылуын тексеремін. Аудан бойынша мониторинг жаман болған жоқ. Алдағы уақытта да жақсы жұмыс жүргіземіз деп ойлаймын.

- Тыңдалды: тәрбие ісі меңгерушісі:

Боранбаева М.М.

«Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі»

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе», «Тәрбие - тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұстанымыздың басты құндылығы. Сондықтан да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет.

Жылдың жоспар бойынша 1 жарты жылдықта көптеген жұмыстар атқарылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 3 құндылық болатын, биыл жаңа өзгерістер енгізіліп, тағы да 3 құндылықпен толықтырылды. Әр айға берілген тақырып бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар құндылыққа бағытталған мектепішілік семинар өткіздім. Өте жоғары деңгейде бағаланды. Жасалған жұмыстардың барлығы әдістемелік жағы саналды. 5 күн, 5 жоба сабақ бастағаны үзілген емес. Оқушыларға өте жақсы әсер береді.

Жаңа жыл мерекесі де өте керемет өтті. Сыныптар әр ұлттарға бөлініп сайысқа түсті. Әр сыныптар өз деңгейіне қарай бағаланды. Грамоталар мен сыйлықтар алды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде көптеген жұмыстар жүріп жатыр. Сауалнамалар, тест жұмыстары әрдайым алынып отырады. Сонымен қатар аудандан келген сауалнамаларда өз уақытында орындалады. Мектебімізде ешқандай құқық бұзушылықтар байқалмайды.

Тыңдалды: мектеп психологы;

Сулейменова С.К.

Диагностика іс-әрекеттің негізгі мазмұны:

1. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу
2. Білім беру үрдісіндегі қиындықтарды диагностикалау
3. Тұлғалық және мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу.
4. Әлеуметтік-психологиялық диагностика
5. Психодиагностикалық әдістерді қолдану

Бұл іс-әрекеттер негізінде мектептегі психологиялық қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Диагностикалық жұмыстың нәтижелері негізінде түзету-дамыту, кеңес беру және алдын алу шаралары ұйымдастырылып отырды.

Мектеп психологының диагностикалық іс-әрекеті - оқушылардың психикалық дамуын, танымдық процестерін, эмоционалдық және тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған кәсіби қызмет. Бұл жұмыс білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың қиындықтарын анықтап, қажетті психологиялық қолдау көрсетуге көмектеседі.

Жылдық жоспар бойынша оқушылардан түрлі сауалнамалар, анкеталар, тест жұмыстары алынып отырады. Мектебімізде 3 инклюзивті оқушыларымыз бар. Ол оқушылармен де жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалып жатыр. Әр оқушының қорытындысы бойынша жұмыс дәптерлері бар.

Тыңдалды: оқу ісінің меңгерушісі:

Сарсенбинова С.В.

2024-2025 оқу жылында қорытынды аттестаттау өткізу үшін комиссия құру туралы бұйрық шығарылды. Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрылды. Білім алушылар, педагогтармен ата-аналар арасында қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы бұйрықтың орындалуы өзіне жүктелді. (Бұйрық қоса тігілді.)

Жылдық және тоқсандық МОДО жоспарын бекіттік. Әдістемелік бірлестік жұмыстары ұйымдастырылды. Мектеп әкімшіліктері мен пән мұғалімдері МОДО жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырады. Пән мұғалімдері өз пәндері бойынша сараптама жасап, бақылауда ұстайды. МОДО жұмыстары өз деңгейінде жүріп жатыр.

## Педагогикалық кеңестің шешімі.

1. Қараша айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы өте жақсы деп танылсын.

2. „Мектепте тәрбие үдерісін жан-жақты ұйымдастыру жолдары" атты баяндамада айтылған өзекті мәселелер мен ұсыныстар ескерілсін.

3. 2-тоқсан қорытындысы білім сапасы, тәрбие сапасы, бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары

4. Білім класс журналының жүргізілуі бойынша оқу ісінің меңгерушісі жұмысы өте жақсы деп танылсын.

5. Мектеп психологының диагностикалық іс-әрекеті қанағаттанарлық деп танылып, дамыту бойынша жұмыстары әрі қарай жандандырылып жүргізілсін.

6. Қорытынды аттестаттау бойынша дайындалған құжаттар мен жүргізілген дайындық жұмыстары жақсы деп танылсын. Оқушылармен математика, қазақ тілі, орыс тілі, тарих пәндері бойынша дайындық жұмыстары күшейтілсін.

7. 4-9 сыныптар бойынша мектептегі МОДО-ға дайындық жұмыстары үздіксіз жүргізілсін. Әр жүргізілген дайындық жұмыстарына сараптама жасалып оқушылардың қай пәннен осал түсені анықтап, оқу-ісі меңгеруші тарапынан назарға алынсын.

8. .

Мектеп директорының м.а.:
Ш.М. Айтжанова

хатшы: Сулей С.К. Сулейменова

Педагогикалық кеңес отырысы №4

Қатысқандар: 12 28.03.2025.
Қалыс қалғандар - 0.

Күн тәртібінде:

1. Қаңтар айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы.
2. Баяндама: "Шағын жинақты мектептерде ақпараттық-технология арқылы білім сапасын арттыру".
3. III-тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
4. МБЕ (мемлекеттік бітіру емтихандары) дайындық жүргізу, емтиханға жауапты мамандар дайындау, оны бекіту туралы іс-шаралар қабылдау.
5. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы
6. Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы.

Тыңдалды мектеп директоры: Ш.М. Айтжанова

1) Қаңтар айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы бойынша оқу ісі меңгерушісіне қорытынды аттестаттау бойынша жұмысты басты назарда ұстауды және оқушылармен дайындық жұмыстарын күшейту туралы тапсырма берген болатын. Оқу ісі меңгерушісінің сараптамасына қарай отырып, оқушылардың көрсеткіші көңіл толтырып отыр. 9 сынып оқушыларының математика пәнінен жақсы көрсеткіш көрсетіп, едәуір жылжу бар екені көрінді.

Тыңдалды:

2) Оқу ісінің меңгерушісі: Сарсенбинова А.Б.

Бүгінгі күнде еліміздегі шағын жинақты мектептерде жаңа технологиялармен қамтамасыз етіп, ондағы оқушылар мен ұстаздардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктерін арттыру білім саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Еліміздің жалпы мектептерінің 40 пайызын шағын жинақты мектептер құрайды. Шағын жинақты мектептерде кадр жетіспеушілігі, инновациялық технологиялардың тапшылығы, интернет желісінің жылдамдығының төмендігі секілді бірқатар мәселелер бар. Осы мәселелерді шешу үшін оқыту процесінде АКТ пайдалану тиімді екенін ұстаздар түсініп, сабақтарында АКТ-ны белсенді қолдануға талаптанып жүр. „Шағын жинақты мектептегі АКТ" атауының басты ерекшелігі сол, педагог сабағын екі сыныпты қосып өткізеді. Ондағы оқушылардың жас ерекшеліктері әртүрлі, демек оларға берілетін тапсырмалар да әртүрлі деңгейде болатыны белгілі. Осыдан-ақ бұл атауы бойынша сабақ өткізудің күрделі екенін аңғаруға болады. Шағын жинақты мектепте біріктірілген сыныптар жағдайында сабақ жүргізу ұстаздан әдістемелік біліктілік пен мол тәжірибені талап етеді.

(Баяндама қоса тігілді).

Сөйледі: Бастауыш сынып мұғалімі:

Сулейменова С.К.

Шағын жинақталған мектепте кіріктіріп оқытудың бұл ерекшеліктері алдыңғы алған білімін қайта жаңғыртуға көмектеседі. Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі қиындықтар, осы мектептерде, біріктірілген сыныптарға арналған арнайы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың болмауынан туындап отыр. Пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі немесе жүктеменің аздығы салдарынан шағын мектептерде бір мұғалімнің бірнеше пән бойынша сабақ беруіне тура келді.

Тыңдалды: оқу-ісінің меңгерушісі:

Сарсенбинова А.Б.

3 тоқсанның білім сапасы - 73 %. көрсеткіш көрсетті. Бала санының аздығына байланысты білім сапасының пайызы бір оқушының пайызымен-ақ көтеріліп түсіп тұратыны бізге оның, алайда кейінгі үш жылда 73 пайызды көрсету қуантарлық жағдай. Сонымен қатар 3 тоқсанда жоспар бойынша бастауыш апталығы болды. Жоспар мектеп басшысына тексеріліп, бекітілді. 2025 жылдың 3-7 ақпан аралығында „Бастауыш - білім бастауы" атты ұранмен бастауыш сынып апталығы болып өтті. Бірлестік жетекшісі: Сулейменова С.К. Апталық қорытындыланып жақсы деңгейде өткені айтылды. Тоқсан соңында барлық сыныптардан мектепішілік бақылау жұмыстары мен диктанттар. оқу жылдамдықтары алынды. Әр сынып бойынша пайыз көрсеткіштері шығарылды.

(есеп қоса тігілді)

Сөйледі: мектеп директоры: Ш.М. Айтжанова Оқу-ісінің меңгерушісі есебін тыңдай отырып. мектеп 2025 жылдың қазан айында аттестация өтетініне байланысты алдағы жылда (тор) 4, 9 сыныптардан білім сапасын алады. Сол себепті пән мұғалімдеріне оқушылармен тиянақты жұмыс жасауды тапсырамын. Пән мұғалімдеріне жеке-жеке тапсырмалар берілді.

Тыңдалды: тәрбие ісінің меңгерушісі:

Боранбаева М.М.

2024-2025 оқу жылында барлық ата-аналар жиналысы өтті. „Біртұтас" тәрбие бағдарламасы аясында „Балалар кітапханасы" жобасы аясында „шын жүректен" кітап сыйла тақырыбында челлендж мектеп кітапханашысы Амирбекова Сайран Қабылтайқызымен бірге ұйымдастырып өткізділе. 9 сынып оқушыларымен „Мамандық таңдау" бойынша алдағы уақытта оқу орнына түсу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Наурыз мерекесіне орай Наурызнама 2025 жоспарына орай Наурыз мерекесі 10 күн аталып өтті. Олар: „Көрісу күні, Қайырымдылық күні, Шаңырақ күні, Салт-дәстүр күні, Ұлттық киім күні, Жаңару күні, Ұлттық спорт күні, Ынтымақ күні, Жол бас. Тазару күні". Алғыс айту күніне орай бастауыш сыныптар арасында „Әншуақ" республикалық балалар фестивалін ұйымдастырды. Тоқсан соңында барлық сынып жетекшілер тоқсандық есептерін тапсырып, ата-аналар жиналысын өткізді.

(есеп қоса тігілді)

Тыңдалды: оқу-ісінің меңгерушісі:

Сарсенбенова А.Б.

Мемлекеттік бітіру емтихандарына дайындық жүргізу, емтиханға жауапты мамандар дайындау, оны бекіту туралы іс-шаралар қабылдау. 2024-2025 оқу жылында дайындық кестесі, емтихан бұйрығы жасалды. Биылғы оқу жылында 2 оқушы аяқтағалы отыр. Олар: 1. Ескермес Назерке
2. Қуанышбек Сырым.

Емтиханға дайындық жұмыстарын түсіндіру барысында білім алушылардың жас ерекшелігіне орай оқылым, жазылым дағдыларын қолданып және жазу және әдеби тіл нормалары мен тілдік бағдар аясында грамматикалық тапсырмаларды орындау туралы айтылды. Емтихан материалдарын дайындау барысында бағалау критерийлері, рубрика жасау жолдары туралы мағлұмат берілді.

Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі. Бұл екі санаттағы оқушылармен жұмыс істеу тәсілдері әртүрлі болғанмен, мақсат - әр оқушының әлеуетін толық ашу және дамуына жағдай жасау. Мақсаты: шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын, көшбасшылық қасиетін дамыту, тереңдетілген білім беру. Үлгерімі төмен оқушылармен білімдегі олқылықтарды жою, оқу мотивациясын арттыру, оқу дағдыларын дамыту. (Оқушы деңгейіне сай тапсырмалар беру, өзге оқушылармен біріктіру, мадақтау т.б.).

Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы. Қаңтар айының 27 күні Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Арықты ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде ұйымдастырылған „Жарқын болашақ" республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңінде белсенді қатысқаны үшін 8 сынып оқушылары дипломмен марапатталды. Қаңтар айының 28 күні Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің алаңында аудандық пікір сайыс турниріне мектебіміздің 8 сынып оқушысы Кибадина Дәмеш „Дебаттық креатив" номинациясымен марапатталды. III-тоқсанда күнделік кз сайтының орнына „Білімкласс" платформасы кіргізілді. Жаңа платформа болғандықтан мамандар семинар өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жас маманымыз Сатанова Э. Я. мен оқу-ісінің меңгерушісі Сарсенбенова А. Б. Астана қаласына барып. СОЕ конференцияға қатысып келді. Осы тоқсанда оқушылар арасында жас маманмен информатика пәні мұғалімі Адаспаев С. Ж. бірлесе отырып оқушылар арасында „Смарт бала" жобалық жұмыс өткізілді. Жас маман жобаның жалғасын табады. Осы тоқсанда мектепішілік ғылыми жоба отырыстары өткізілді. Мұғалімдердің зерттеу жұмыстары тексеріліп ұсыныстар айтылды. Тоқсан бойы өзара сабаққа кіру бақыланып, бақылау жұмыстары, оқу жылдамдығын көбейту кестесі, диктант, тест жұмыстары алынды. (есеп қоса тігілді)

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу ісі-меңгерушісінің „Шағын жинақты мектептерде ақпараттық-технология білім сапасын арттыру" атты баяндамасы назарға алынып, өте жақсы деп танылсын.

2. 3 тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмыстары жақсы деп танылсын.

3. Мемлекеттік бітіру емтихандары дайындық жұмыстары бойынша пән мұғалімдері жұмыстарын күшейтсін. Бекітілген жоспар бойынша жұмыстары тиянақты жүргізілсін.

4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы қанағаттанарлық деп танылсын.

5. Аудандық пән олимпиада қорытындысының сараптамасын назарға ала отырып, оқушылардың олимпиадаға қатысуын басты назарда ұсталсын.

Мектеп директоры: И. М. Айтжанова

хатшы: С. К. Сулейменова

Педагогикалық кеңес отырысы №5

Қатысқандар - 13. 16. 05. 2025.

Қалыс қалған - 0.

Күн тәртібінде:

1. Наурыз айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалу барысы
2. IV тоқсан бойынша 1-9 сынып оқушыларының оқу үлгерім қорытындысы

3. 2024-2025 оқу жылын аяқтау. Оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру, аралық аттестаттаудан өткізу және үздік оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттау туралы.

4. 9 сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберу туралы.

5. Негізгі орта білім туралы аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат толтыру және аттестатқа енгізілетін бағалар тізімдемесін жасау туралы комиссия құру туралы.

Тыңдалды: мектеп директоры:

Ш. М. Айтжанова

Өткен педагогикалық кеңестің шешімі өз деңгейінде орындалды.

Білім мазмұны - бұл оқушылардың меңгеруге тиіс бағдарламаларында, оқулықтарда және оқу процесін ұйымдастыруда нақты көрініс табады. Білім мазмұны қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның талап-тілектерін ескере отырып қалыптасады. Қазіргі заманда білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламалары арқылы жаңаша құрылып жатыр. Бұл өзерістер оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, білім мазмұнына құндылықтар жүйесі, ұлттық тәрбие элементтері және өмірмен байланыс орнатуға бағытталған тапсырмалар енгізілуде. Қорытындылай келе, білім сапасының мазмұны - тұлға тәрбиесі мен ее дамуының негізгі кепілі. Сондықтан білім мазмұнын уақытылы жаңартып отыру - уақыт талабы.

(Баяндама қоса тіркелді)

Сөйледі: оқу-ісінің меңгерушісі:

Сарсенбиева А. Б.

- Білім мазмұнының жаңаруы - оқушының тұлғалық дамуына үлкен серпін береді. Қазіргі бағдарламалар оқушы тек дайын ақпаратты жаттауға емес, оны түсініп, өмірде қолдануға үйретеді. Бұл - өте дұрыс бағыт.

Сөйледі: бастауыш сынып мұғалімі

Сулейменова С. Ж.

- Бастауышта білім мазмұны баланың танымдық қабілетін ерте дамытуды көздейді. Әр пәнде өмірмен байланысты тапсырмалар көбейген. Бұл оқушы үшін де, ата-ана үшін де пайдалы.

Өзгеріс. Қазіргі талап - оқушының логикалық, сыни ойлауын дамыту.

Тыңдалды: оқу-ісінің меңгерушісі:
Сарсенбекова А.Б.

IV-тоқсан бойынша 1-9 сынып оқушыларының оқу үлгерімінің қорытындысы.
2024-2025 оқу жылының IV тоқсаны бойынша 1-9 сыныптарда жалпы 23 оқушы білім алды. Тоқсан соңында оқу үлгерімі мен білім сапасына байланысты талдау жүргізілді.
Үздік оқушылар - 7
Екпінді оқушылар - 7
Қанағаттанарлық оқушылар - 9.

IV тоқсан нәтижесі бойынша оқушылардың үлгерімі жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланды. Дегенмен, кейбір пәндер бойынша білім олқылықтары байқалды. Әсіресе, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

„2024-2025 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімін бекіту туралы.

2024-2025 оқу жылын аяқтау, 1-8 сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру, 9 сыныпты мемлекеттік емтиханға жіберу туралы.
Барлық оқу пәндерінен жылдық бағалары қанағаттанарлық болған 1-8 сынып оқушылары келесі сыныпқа көшірілсін:

2 сынып
1. Сенбек Нұрали
2. Егінбай Ажарлым.

3 сынып
1. Мархабат Нұрмұхамед.
2. Ескермес Әзерке
3. Темірлан Әлішер
4. Жибелдин Ернияр.

4 сынып.
1. Мұрат Нұрайым.

5 сынып.
1. Мархабат Аяру.
2. Егінбай Айсана

6 сынып.
1. Сенбек Раян
2. Егінбай Арлан
3. Қабден Нұрайым.

7 сынып
1. Мұрат Нұртілеу
2. Түкен Аяулым
3 Құанышбек Айару

8 сынып
1. Нұрхамит Бауыржан.

9 сынып
1. Шортанбай Мақсат
2. Мұрат Қажымұқан
3. Мухамедия Ажар
4. Жибандина Дәмелі
5. Сабитова Айназ.

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 9 сыныпта барлығы 2 оқушы білім алуда. Оқу жоспарына сәйкес оқу бағдарламаларына толық меңгерген оқушылардың қорытынды бағалары білім туралы нормативтік талаптарға сәйкес қойылды. Осыған байланысты, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен 9 сыныптың 2 оқушысы мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберілді.

Тыңдалды: оқу-ісінің меңгерушісі:

Сарсенбинова А.Б.

«Негізгі орта білім туралы аттестат» толтыру және аттестатқа енгізілетін бағалар тізімдемесін жасау жөніндегі комиссия төмендегідей құрамда құрылсын:
Комиссия мүшелері құрылып, таныстырылды.
Комиссия өз жұмысын толық әрі талапқа сай орындады. Құжаттар оқу жылы қорытындысы мен бағалау нәтижелеріне сәйкес рәсімделді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Алдағы педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жақсы деп танылсын.

2. IV тоқсан бойынша 1-9 сынып оқушыларының оқу үлгерімі жақсы деп танылсын.

3. 2024-2025 оқу жылы бойынша сыныптан-сыныпқа көшіру және қазақ тілі бойынша емтихандар жоспар бойынша өткізілсін. Үздік оқушылар марапаттталсын.
Соңғы қоңырау 23 мамыр күні белгіленіп, өткізілсін.

4. 9 сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберілсін.

5. «Негізгі орта білім туралы аттестат» толтыру және аттестатқа енгізілетін бағалар тізімдемесін жасау жөніндегі комиссия құрылып, таныстырылсын.

Мектеп директоры: -Ш.М. Айтжанова

Хатшы: С.К. Сулейменова

# Педагогикалық кеңес отырысы №6.

маусым 2025 жыл

Қатысқандар: мектеп директоры:

Ш. М. Айтжанова

оқу ісінің меңгерушісі:

А. Б. Сарсенбинова

мұғалімдер:

Күн тәртібінде:

1. Негізгі және орта білім бойынша қорытынды аттестаттау.
   А. Б. Сарсенбинова
2. Негізгі және орта білім туралы құжат табыстау
   Ш. М. Айтжанова
3. 2024-2025 оқу жылын аяқтау.

Тыңдалды: мектеп директоры: Ш. М. Айтжанова

№5 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

№5. педагогикалық кеңестің шешімінде 9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу және бағалар тізімдемесін жасау міндеттелген болатын шешім толық орындалды.

Тыңдалды: оқу-ісінің меңгерушісі: Сарсенбинова А.Б.

2024-2025 оқу жылын сәтті аяқтап отырмыз. Биылғы оқу жылында 2 оқушы күшлік негізгі бар. 9 сынып білім сапасы 50%. Емтихандар өз деңгейінде, ережеге сай өтті. Оқушыларымыз өз бағаларын айтап, емтиханды жақсы тапсырды.

Тыңдалды: сынып жетекшісі: М. М. Боранбаева
9 сыныпта 2 оқушы, барлығы емтиханға жіберіліп, оқушылар білімдерін өз деңгейінде көрсетті. Қатыспаған оқушылар болған жоқ

Сөйледі: мектеп директоры: Ш. М. Айтжанова
Оқушыларға сәттілік тілеймін, оқуға түсіп, мамандық иесі болсын.

Тыңдалды: мектеп директоры:

Негізгі, орта білім туралы құжат 2 оқушыға тапсырылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Негізгі орта мектептің оқу бағдарламасын толық меңгергені және негізгі мектеп курсы бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсырған 9 сыныптың келесі оқушыларына аттестат берілсін:
   1. Ескермес Назерке
   2. Қуанышбек Сырым.

2. 2024-2025 оқу жылын аяқтау жақсы деп танылсын.

Мектеп директоры: Ш.М. Айтжанова

хатшы: С.К. Сулейменова

Педагогикалық кеңес отырысы №1

тамыз 27.08.2025.

«Білім беру ұйымының 2025-2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда біріңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Қатысушылар: Мектеп директоры:
Ш.М. Айтжанова

оқу-ісінің меңгерушісі:
С.К. Сулейменова

мұғалімдер:

Аудандық білім бөлімінің әдіскері:
Мусай О.

Тыңдалды: Мектеп директоры Ш.М. Айтжанова

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі №317 бұйрығына сай 2-тарау 5 тармағында Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды деп көрсетілген. Сондықтан жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлап алайық. Кімде қандай ұсыныс бар? Педагогикалық кеңес өз жұмысын бастайды.

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы.
1.1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде 2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері жөніндегі әдістемелік-нұсқау хатты түсіндіру.
1.2. "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстыру.
1.3. Жасанды интеллект элементтерін білім беру процесіне енгізу.
1.4. Педагог мәртебесін арттыру және оның құқықтарын қорғау.
1.5. Білім алушылар үшін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.
1.6. Өткен оқу жылының талдауы негізінде білім беру сапасын және оқу жетістіктерін арттыру мәселелерін қарастыру.
2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы.
2.1. Оқу жұмыс жоспары
2.2. Педагогтардың оқу жүктемесі
2.3. Сабақ кестесі.
2.4. Мектепті дамыту жоспары
2.5. Педагогикалық кеңес жоспары
2.6. Мектепішілік бақылау жоспары
2.7. Әдістемелік кеңес жоспары
2.8. Әдістемелік бірлестіктердің жоспары
2.9. Педагогтардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары.
2.10. мектепішілік бақылау жоспарын талқылау және бекіту.
3. Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы.
3.1. Санитарлық нормалардың сақталуы
3.2. Білім алушыларды тамақтандыру.
3.3. Инклюзивті ортаны ұйымдастыру
3.4. Мектеп қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері
3.5. Мектептің жұмыс кестесі.

2. Кіріспе сөз. Айтжанова Ж. М.
Қымбатты әріптестер?
Бүгін педагогикалық кеңес отырысына